

**"Жамбыл ауданы аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2016 жылғы 21 қарашадағы № 6-5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Жамбыл облыстық мәслихатының 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 34-5 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 8 мамырда № 4219 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 52-8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 11.12.2020 № 52-8 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). РҚАО - ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-2 тармағына сәйкес Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Жамбыл ауданы аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2016 жылғы 21 қарашадағы № 6-5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3265 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде 2017 жылдың 07 қаңтарда жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Жамбыл ауданы аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларының:

5-тармағы келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Жол берілмейді:

1) иттерді және мысықтарды көп пәтерлі тұрғын үйлердің ортақ пайдаланылатын орындарында (кіреберістерде, баспалдақтарда, баспалдақ

алаңдарында, лифтілерде, жертөлелерде, шатыр астыларында, үйлердің төбелерінде), сондай-ақ осындай үйлердің жанындағы аумақтарда асырауға;

2) иттер мен мысықтарды олардың терісін және етін тұтыну, өңдеу және өткізу үшін пайдалану мақсатында өсіруге;

3) Жамбыл ауданы аумағында иттерді таластыру және басқада жануарларға қатысты қатыгез іс-шаралар ұйымдастыру мен өткізуге (жануарларға зақым келтірмейтін және күзетші иттерді өсіру үшін дұрыс тұқымдық сұрыптау жүргізуге мүмкіндік беретін, арнайы ережелермен иттердің жұмыс сапаларын тексеруді қоспағанда)".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық маслихаттың агроөнеркәсіпті дамыту, экология және табиғатты пайдалану мәселелер жөнідегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы*

*Б. Саудабаев*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*Б. Қарашолақов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігі

Ветеринариялық бақылау және

қадағалау комитетінің Жамбыл

облыстық аумақтық инспекциясының басшысы

\_\_\_\_\_ С.Н.Солтанбеков

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2019 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының Ішкі істер

министрлігі Жамбыл облысының полиция

департаментінің бастығы

\_\_\_\_\_ А.М.Оразалиев

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2019 жыл